

«Б. Хайдаров атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы
ХАТТАМА №1

Жаңатілек ауылы
«27» қыркүйек 2019ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы
Төрағасының аты-жөні: Туманбаев Е.К
Хатшының аты-жөні: Манзулова Д.Д
Қатысқандар: 6 адам
Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, міндеттерін бөлу.
2. Мектепке жол акциясы
3. Ыстық тамақ
4. Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.а Н.А.Жортуылова сөз алып, мектептің оқу-тәрбие үрдісі мен материалды-техникалық базасын жетілдіруде қамқоршылық кеңестің маңызды рөл атқаратынына тоқталып, қамқоршылық кеңесін құрудың маңыздылығын атап көрсетті. Сондай-ақ қамқоршылық кеңеске мүшелікке шақырылған азаматтарға мектепке жанашырлық танытып жүргендері үшін алғыс білдірді.

Отырысқа қатысушылар аздаған талқылаудан соң кеңес төрағалығына Туманбаев Е.К тағайындалды және кеңес мүшелері ауыстырылды.

Қыркүйек айынан бастап мектепте қамқорлық кеңес сынып жетекшілермен, әлеуметтік ұстазбен бірлесе отырып, материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмыстарын жүргізді. Қорытындысында әлеуметтік категориялары бойынша аз қаржыланған, көп балалы, жартылай жетім балаларға «Мектепке жол» акциясы негізінде Жаңатілек ауылдық округінің әкімшілік қызметкерлері, мектеп ұстаздары, ауыл тұрғындары және аудандық білім бөлімі мектеп оқушыларына киім-кешекпен көмек көрсетілді.

Жаңа оқу жылында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту аясында 1-4 сынып 82 оқушысы, 5-11 сынып оқушылары арасында категориялары бойынша 20 оқушы, арендатор есебінен 6 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Қанат Айдана Саламатқызы ағылшын тілінен қосымша ақылы түрде 8-12 жас аралығындағы оқушылармен ата-аналардың келісімімен 6 айлық курс ашылды. 1 оқушы айына 8 мың теңге төлейді және кабинетті жалға беру ақысы әр баланың төлем ақысының 10 пайызы қамқоршылық кеңесінің қорына салынады.

Қаулы :

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекітіліп, міндеттері бөлінсін.

Құрамы: 1. Туманбаев Е.К-төраға

2.Хамзина У.М

3.Шоланова С.К

4. Адамбеков С.К

5. Касенова М.И

6.Сулешова А.Р

7.Исекеева М.М

8.Боявов С.С

9.Манзулова Д.Д-хатшы

2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары қадағалансын

Төраға



Туманбаев Е.К

Хатшы



Манзулова Д. Д.